

## **“Ұлттық ойын - ұлт қазынасы” тоғызқұмалақ ойыны**

### **Анықтамасы**

Мектебімізде қазан айының 3 аптасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында “Ұлттық ойын - ұлт қазынасы” - үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастырылды.

Тоғызқұмалақ ойынының мәні – адамға үйлесімді (гармониялық) тәрбие беру, кез-келген жанның ақыл-ойын шыңдау, ми қызметін дамыту және қоғам алдындағы жауапкершілікті арттыру. Тоғызқұмалақ-бабаларымыздың ұрпағына қалдырған баға жетпес сыйы, рухани құндылығы, аманаты.

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды.



[https://www.instagram.com/p/DCBJk9co\\_fN/?igsh=MTZuZnR5cjE3ZXA4Nw==](https://www.instagram.com/p/DCBJk9co_fN/?igsh=MTZuZnR5cjE3ZXA4Nw==)